ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СЫРТҚЫ ІСТЕР
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ИНОСТРАННЫХ ДЕЛ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

01.06.2018 № 11-1-4/213
Астана қаласы

город Астана

**«Стационарлық дербес компьютер мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс өткізу және конкурстық құжаттаманың жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Жауапты хатшының 2018 жылғы 18 мамырдағы № 11-1-4/187 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларынның 92-тармағы 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 шілдедегі № 372 Жарлығымен бекітілген Жауапты хатшы өкілеттіктерінің 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Стационарлық дербес компьютер мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс өткізу және конкурстық құжаттаманың жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Жауапты хатшысының 2018 жылғы 18 мамырдағы № 11-1-4/187 бұйрығына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған бұйрықтың 2-тармақтағы:

«Комиссия төрағасы: Анарбек Бақтығазыұлы Қарашев – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Жауапты хатшысы;» деген сөздер «Комиссия төрағасы: Ермек Беделбайұлы Көшербаев – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Жауапты хатшысы;» деген сөздермен ауыстырылсын;

қоса беріліп отырған стационарлық дербес компьютердің техникалық ерекшелігі жаңа редакцияда бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзімде қалдырамын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: «Е.Б. Көшербаев туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 28 мамырдағы № 235 өкімі, «RigoTech» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2018 жылғы 25 мамырдағы № 65724 конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау, «АЛСИ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2018 жылғы 28 мамырдағы № 65886 конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау.

**Жауапты хатшы** **Е. Көшербаев**

0074982